

# **ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДА ЭКРАНДЫҚ ҚҰРАЛДАРМЕН, ПЛАНМЕН, КАРТАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ. ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛЕР.**

Орындаған: Шамұратова А.

Тобы: 102-13

Қабылдаған: Ахатаева Ұ.

Оқу құралдары деп мағлұмат жеткізу үшін, сондай-ақ оқушылардың оқу іс-әрекеттерінің кез келген формасында өз еркінше жұмыс істеуді ұйымдастыру және оқу материалының меңгерілуін тексеру үшін мұғалім қолданатын оқу жабдықтарының керек-жарақтарын түсіну керек. Оқу құралдары оқу жабдықтарының құрама бөліктері болып табылады. Оқу жабдықтарына оқу құралдарынан басқа оқудың техникалық құралдары, құрал-аспаптар (экран, сынып тақтасы, кронштейндер және т. б.) және жиһаз кіреді.

## **Мағлұматтарды ұсыну және оларды дайындау технологиясы бойынша оқу құралдары келесілерге бөлінеді:**

басылымдар (оқулықтар, анықтамалар, есептер жинағы нұсқаулар, инструкциялы—технологиялық карталар, плакаттар, карточкалар);


экрандық (депозитивтер, диафильмдер, транспорант, кинофильм, компьютерлік әр түрлі ойындар);

дыбысты (грамм. және магниттік жазулар, радиотелевидение берілістер).

- **Экрандық** оқу құралдарына диапозитив, транспаранттар, диафильмдер, сондай-ақ үнсіз көрсетілетін киноүзінділер мен кинофильмдер жатады.
- **Оқу диопозитивтері** – оқу және тәрбие мақсатында қолдануға арналған бейнелер топтамасы. Оларды фотографиялық тәсілмен түссіз материалға (шыны немесе таспаға) түсіреді. Сөйтіп, диапроектор көмегімен бейнені жазықтыққа (экранға) түсіріп көрсетеді.



# Стереоскоп



- *Транспаранттар* – полиграфиялық және фотографиялық жолмен түсірілген түссіз таспадағы бейнелер. Транспаранттар графопроектор көмегімен демонстрациялап көрсетеді.



- **Оқу диафильмдері**- оқу ақпаратын алдын- ала тізбектей көрсету үшін кадр түрінде ені 35мм түссіз таспаға фотографиялық жолмен әзірленген бейнелер топтамасы.




А.А.Половинкиннің айтуы бойынша, карта кітапқа немесе басқа да ақпарат көздеріне қарағанда “тезірек, нақтылы, көрнекті және ықшамды түрде айтып, көрсетеді”. Сөйтіп, географиялық карта бастауыш мектеп оқушыларында дүниенің біртұтас бейнесін қалыптастыру мақсатында мазмұнды дидактикалық өңдеуді көздейтін сабақтастықтың логикалық-мазмұндық жайын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Экспериментте бастауыш мектепте дүние жүзілік карталармен бірге (дүние жүзінің саяси картасы, дүние жүзінің физикалық картасы) жеке аумақтар картасы (ресейдің физикалық картасы, қаланың карта-сызбасы, тағы басқалары) қолданылады.




## **Оқушылардың географиялық картаның түрлерімен жұмыс істеу біліктілігі мына төмендегі қалыптасқан құзыреттілігімен өлшенеді:**

- өздері тұрған қалалары не ауылдарының планын қолданып, жұмыс істей білу;
  - өзінің туған қалаларының не ауылының карта-сызбасын қолдану шеберлігі (ауыл планымен, жақын қаланың карта-сызбасымен);
  - физикалық картаны оқи білу;
  - атластағы климаттық картаны тану, оны оқу;
  - табиғи зоналар картасын танып, оны қолдану арқылы табиғат ерекшелігін сипаттау;
  - жер бедерлерінің ерекшелігін картаның бояуы бойынша ажырата білуі;
  - физикалық картадан тапқан нысандарды кескін картаға түсіру .
- 



- Бастауыш сыныпта оқушылар карталардың әр түрімен танысқанмен, олардың әрқайсысын жете меңгеруді тек сарамандық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Мысалы, жергілікті жердің сызбасы және туған қаланың карта-сызбасын оқу арқылы оқушыларда ұғымдарды қалыптастыру мақсаты көздейледі. Кез-келген картаны қолданып, ол бойынша бағдар алу үшін ең алдымен картаның атауымен және оның нысандарымен таныстырылады. Берілген ғылыми ұғымдардың көлемі оқушылардың материалды оқып меңгеру барысында, географиялық атласпен және карталарымен жұмыс істеу нәтижесінде кеңейтіліп отырады. Оқушылар жергілікті жердің карта-сызбасымен жұмыс істеу барысында бір нүктеден екінші нүктеге дейінгі қолайлы және қысқа жолды табу, маршруттың қажетті нүктесіне жету үшін көліктің қандай түрін қолдану керектігін таңдай білу сияқты логикалық ойларды шешуге үйретіледі.





- Географиялық карта мынадай іс- әрекеттерді ұйымдастыруға және ғылыми ұғымдарды қалыптастыруға ықпал етеді: атауларды меңгеріп, оны картадан көрсету, керекті құбылысты бейнелеу, салыстыру, түсіндіру, сипаттап айту. Бұл әрекеттер барысында оқушыларда картаны оқу шеберлігі ғана қалыптасып қоймай, әрбір ұғымды ойда сақтау деңгейі мен зейінінің тұрақтылығы қалыптасады.

# Дүниетану сабағындағы тәжірибелер

- Дүниетану пәнін оқытқанда тәжірибе көрсету маңызды орын алады. Олар заттар мен денелердің физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерін анықтау, табиғат құбылыстарын түсіндіру үшін қажет. Мысалы, тау жыныстарының мүжілуі, судың, ауаның, топырақтың қасиеттерін зерттеу кезде осы әрістер қолданылуы керек.
- Тәжірибелердің педагогикалық құндылығы оларды орындау кезінде оқушылардың білімі, дағдылары мен машықтары ұштасатынымен, олардың дербестігі тәрбиеленетінімен анықталады. Сондай-ақ зертханалық құралдардың атауын меңгеру, оларды дұрыс қолдана білу техникасын үйренеді.

# Тәжірибелер

## **Мұғалім орындайтын демонстрациялық**

(бастауышта көбіне демонстрациялық тәжірибе көрсетіледі, мұнда мұғалім немесе белсенді, ұқыпты бір оқушы не болмаса кезекші жүргізеді, ал қалған оқушылар бақылап, қорытынды жасап отырады)

## **Оқушылар жасайтын зертханалық**

(зертханалық тәжірибе бүкіл класс орындайтын фронтальдық, топтық, жеке болуы мүмкін. Топтық, жеке тәжірибелер оқушылар мұғалімнің тапсырмасымен үйде орындайды, мысалы, судың үш күйін бақылау, тұқымдарды өндіру, нақты тақырыптық бақылаулар сияқты жұмыстар)



- Мұғалім көрсеткен немесе балалар жасаған тәжірибе негізінде міндетті түрде әңгімелесу ұйымдастырылады. Әңгімелесу үстінде оқушылардың тәжірибе кезіндегі көріністі табиғаттан бақылағанымен салыстыру керек.
- **Мұғалімнің міндеті** – балаларды бақылау негізінде қорытынды, талдап қорытындылау және салыстыра қорытынды жасауға үйрету.

# Тәжірибе кезінде сұрақтар мынадай түрде болуы керек:

1. Біз тәжірибе арқылы қандай құбылысты көріп білеміз? (мысалы, су мен қатты денелердің ұлғаюы мен қысылуына температураның өзгеруі қалай әсер ететіндігін)

2. Біз тәжірибе өткізуге қандай құрал-жабдық аламыз? (мысалы, су құйылған колба мен спирт шамы).

3. Құбылыс қалай жүреді? (Қыздырудан су колбадан асып төгіле бастайды).

4. Бұл неге олай болды? (Суды қыздырғанда көлемін ұлғайтады).

5. Біз бұл құбылысты тұрмыста не табиғатта қайда және қашан бақылай аламыз? (Шәйнектегі тола су қайнағанда).

Мұғалім осындай сұрақ төңірегінде көрсетілген тәжірибенің мазмұнына оқушылардың өздері талдау жасап, қорытындылауға жетелейді.



**Назарларыңызға рахмет!!!**

